

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДЕГІ АГРОТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Нұрсейітқызы Аягөз

n.a_95@mail.ru

Қазақстан, Астана, Еуразия Ұлттық Университеті, экономика факультеті, Тур-43
тобының студенті

Ғылыми жетекшісі – Жеңісхан Дарима.

«Жасыл» экономика еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. «Жасыл» экономикаға көшу Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру жөнінде қойылған мақсатқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді. «Жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді. «Жасыл» экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және ауқымды қызығушылық тудырады.

Өткізілген «РИО + 20» Саммитінен кейін қазақстандық қоғамның күші «жасыл» экономикаға ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша «Жасыл» экономикаға ауысу бойынша тұжырымдама әзірленді. Тұжырымдамада бірінші кезекте басты түрде экономиканың белгілі бір салаларын реформалауға бағытталған басым міндеттер тізбесі ұсынылды.

Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде жоспарланады:

бірінші кезең - 2013–2020 жж. – қорларды пайдалануды оңтайландыру және табиғат пайдалану қызметінің тиімділігі арттыру, сондай-ақ, «жасыл» инфрақұрылымды құру;

екінші кезең - 2020–2030 жж. – табиғи қорларды тиімді пайдалану, жоғары технологиялар базасында жаңартылатын энергетиканы енгізу;

үшінші кезең - 2030–2050 жж. – олардың жаңартылуы жағдайында негізіне табиғи қорларды пайдалану қойылған, ұлттық экономиканың «үшінші өнеркәсіптік революция» қағидаттарына ауысуы.[1]

«Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді:

- ішкі жалпы өнімнің өсімі;
- елдің табыстарын ұлғайту;
- елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру.

Сонымен қатар «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптерді төмендетеді.

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды:

- ауыл шаруашылығы;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;
- энергетика;
- балық аулау;
- орман шаруашылығы;

- өнеркәсіп;
- туризм;
- көлік;
- қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу;
- су қорларын басқару.[1]

Туризм экономика дамуының негізгі көрсеткіші бола алады. Қазіргі заманда ішкі туризмді дамытып, келушілердің санын көбейту үшін нарықта бәсекелестікке тұрақты өнім ұсыну арқылы жетістіктерге жетуге болады. Қазақстан республикасының туристік индустриясының перспективалы бағыттарының дамыту бағдарламасында көрсетілгендей, Қазақстан туризмінің басымдылық саласының бірі деп экотуризм танылған. Жасыл экономика экотуризмнің дамуына елеулі ықпалын тигізері анық. Қоршаған ортаның қымбат әрі шектеулі ресурстарын тиімді пайдалану негізімен экотуризмді ресурстарын өзгертпей сол күйінде сақтап, туристер мақсатына ұсына аламыз. Экологиялық туризмнің дамуы тек қана қаржылық мүддені қарастырмайды, сонымен қатар қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік береді. Осы бағдарламада елімізде жаңа дамып келе жатқан агротуризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау табуда.

Агротуризм – ауылдық елді мекендерде ұйымдастырылатын, келуші қонақтарға орналасу, тамақтану, демалыс, экскурсиялық қызмет, көңіл көтеру мен спорттық іс-шаралар, белсенді туризм түрлері, аңшылық пен балық аулау, әдет-ғұрып пен білімдерін жетілдіруге арналған кешендік қызметтерді жасау және ұсыну қызметінің түрі.[3]

Ауылдық аймақтардың экономикалық тұрғыдан даму деңгейі мемлекеттің жалпы экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде ауыл экономикасы табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану, ауыл инфрақұрылымының нашар дамуы, жергілікті халықтың әл-ауқатының төмендігі, ауыл халқының жаппай көшуімен байланысты болатын әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға жиі тап болуда. Және де статистикалық ақпараттарға көз жүгіртсек Қазақстан халқының 10,7 миллионы ауылда тұрады, бұл 41 пайызды құрайды.[2] Сондықтан да ауыл экономикасын көтеру мәселесі әлемнің барлық дерлік мемлекеттерінің болашақ дамуы үшін аса маңызды болып отыр. Осы орайда агротуризм арқылы ауылдық аймақтардағы кәсіпкерлікті жандандырудың стратегиялық әдісі айрықша маңызға ие. Агротуризмді Қазақстанда қолға алынған әлеуметтік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуына септігін тигізетін қосымша стратегия ретінде қарастыруға болады, себебі туризмнің бұл түрі ауыл шаруашылығы саласы үшін аса маңызды болып табылады, әсіресе қосымша табыс көзі мен жаңа жұмыс орындарын қалыптастырудағы рөлі айрықша.

Сонымен қатар, агротуризм қомақты қаражат жұмсалатын күрделі инфрақұрылымды қажет етпейтін экономикалық тиімділігі жоғары қызмет түрі болып есептеледі, себебі бастапқы даму кезеңінде агротуристік қызмет ауыл қожалықтары мен фермалардың көп бөлігінің қолында бар ресурстар негізінде жүзеге асырыла алады. Сондай-ақ, микроэкономикалық деңгейде агротуризм айтарлықтай рентабельді бизнес болып саналады, яғни агротуризм өнімінің өзіндік құны төмен болғандықтан оның өзге туристік қызмет түрлерімен салыстырғандағы бәсекеге қабілеттілік деңгейі жоғары болып табылады.

Агротуризм жергілікті үй шаруашылықтары, фермалар мен ауыл шаруашылық кәсіпорындары өндіретін ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуде де тиімді болып саналады, себебі ауылдық жерлердегі тікелей жеке сату қызметінің жандануына жол ашады. Тікелей сатулардың нәтижесінде агротуристік қызметтерді ұсынатын шаруа қожалықтары мен фермалар ғана емес, сонымен қатар ауыл қауымдастығы мен жергілікті ұсақ кәсіпорындар да өз өнімдерін өткізу мүмкіндігіне ие болады.

Агротуризм жекелеген демалыстың түрі ретінде орын ауыстыру, ойын-сауық іс-шарасы, мен экскурсиялық бағдарламалардың ұйымдастырылуын қарастыра отырып, тұтынушылар сұранысын қанағаттандырады. Агротуризм тұтынушылары немесе мақсатты топтар ретінде балалары бар отбасылар, қарт адамдар, жастар және спорт сүйер қауым деп танылған. Ауылға жан бітіріп, оны туристік орталық ретінде қалыптастыру арқасында

ауылдық жерлердің экономикасын көтерсек еліміздегі уақытқа сай тиімді бетбұрыс болар еді. Агротуризм дамыту ауылшаруашылық аумақтардың дамуына мүмкіндік беріп, олардың өнімін пайдалану болып табылады. Қазақстандағы ұсынылатын агротуризм туристердің ауылдық жерлерде өмір сүріп, табиғат аясында біздің салт-дәстүрімізбен қатар танысу арқылы жүреді. Қазақтың дәстүрлері, ұлттық тағамдары және ойындары агротуризмнің ерекше жақтарының бірі болмақ. Қазіргі заманда экономикалық даму шұғыл өзгерістерді талап етеді. Халықаралық деңгейде өрбіп отырған дағдарыс шаруашылықты ұйымдастырудың тиімді жолын табу, яғни өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделерін еске алуды шарт етеді. Агротуризм ауыл мен қаланың байланысына негіз бола алады. Көптеген қалалықтар өздерінің балаларының ауылдық жерде болып, ауыл тіршілігімен танысқанын қалайды. Агротуризмнің дамуы экономиканың дамуына ғана ісер етіп қоймай, адамдардың рухани азықтанып, демалуына септігін тигізеді. Қазіргі компьютерленген заманда балалар бір-бірімен емес, электронды құрылғылармен көбірек ойнағанды жақсы көреді. Бұл өз кезегінде стресті жағдайларға әкеп соғады және осы құрылғылардың адам ағзасына тигізетін зияны да көп. Ал агротуризм олардың ойын ерекше қызық дәстүрлі ауыл өмірінің тынысына бет бұруға көмектеседі.

Қазақстанның ауылдық жерлері агротуристік әлеуетпен қаныққан. Демалатын орындардың табиғи әлемі адам ағзасы сияқты ұрымтал болады, бұл оларды күтімді пайдалану қажеттілігін негіздейді. Агротуризмнің табиғатпен өзара тығыз байланысы есебінен ол экологиялық бола алады. Агротуризм туризмнің экологиялық түріне жататын болғандықтан, әдебиетте «жасыл» деген атауы жиі кездеседі. Агротуризмнің негізінде экотуризм жатқандығын негізге ала отырып, қоршаған ортаның өзкүйінде сақталуы маңызды. Осылайша, табиғи аумақта ұйымдастырылған агротуристік жұмыс экологиялық қағидаттарына сәйкес болуы тиіс, демек табиғат үшін зиянсыз болуы тиіс. Сондықтан агротуристік бизнесті ұйымдастыру аясында Италияда келесі талаптарды ұстану қарастырылған:

- танымдық және тамашалап қарау демалысы үшін туристердің шағын топтарын қарсы алу және орналастыру;
- туристердің табиғат және жергілікті тұрғындардың мәдениеті туралы білім алуын алға тарту;
- тұтынушылардың талғамына байланысты жеке бағдарламалар жасау;
- экологиялық жайлы және мәдени орындар бойынша экскурсияның қызықты маршруттарын ұсыну;
- тур бағдарламасына жергілікті тұрғындардың табиғатты пайдалануының дәстүрлі формаларына арналған саяхаттарды енгізу;
- экологиялық көлік –ат, желкенді қайық және т.б. қолдану;
- өз қонақтарына жергілікті өнімдерден дәстүрлі тәсілдермен дайындалған тағамдармен сый көрсету;
- агротуризм ұйымдастырушыларына қоқысты шығару және жою үшін жинау және іріктеу;
- демалуға тоқтайтын жер мен алауды тек арнайы жабдықталған орындарда орналастыру;
- табиғат сыйын жинауды тек қана арнайы осы үшін бөлінген орындарда және табиғатқа зиян келтірмеуі үшін рұқсат етілген мерзімде жүргізілуін қадағалау, мысалы саңырауқұлақ, жидек, гүл, дәрілік өсімдіктер;
- агротуристердің қонақ үйінің орналасуы ландшафттағы табиғат тыныштығын бұзбауы тиіс;
- туристерге арналған үйлерді тек экологиялық таза материалдардан салу.

Аталған талаптар агротуристік бизнесті ұйымдастыру үшін ең аз жағдайлар болып табылады, практикада олар әжептәуір көп болуы мүмкін. Бұл агротуристік бизнеске бөлінген

орынға, жердің табиғи ресурстарына, үй шаруашылығы ресурстарына, сонымен қатар қонақтарыңыздың тілегіне байланысты болады.

Агротуризмді дамыту үшін еліміз келесі іс-шараларға көшу, бұл саланы ілгерілетуге мүмкіндік береді:

1. Агротуристтік субъектілер арасындағы байланысты және басқа да қосымша қатысушыларды анықтау (кәсіпкерлер арасындағы байланысты табу, мекемелер мен ұйымдарды қолдау);

2. Агротуризм саласын ақпараттандыру;

3. Агротуризм имиджин көтеру;

4. Мемлекет тарапынан қолдау жасауды дандандыру.

Қорыта айтқанда, «жасыл» экономика Қазақстан экономикасының қарыштап дамуына, сонымен қатар қосымша салалардың дамуына ерекше ықпалын тигізері сөзсіз. Ал агротуризм саласын дамыту еліміздің әл-аухатын көтеріп, туристік нарықтағы өз орнымызды табуға және мемлекетімізге түсетін пайданы көбейтуге мүмкіндік береді. Агротуризмнің әлеуметтік ролі де өте зор. Еліміздің тұрғындарының рекреациялық қажеттілігін қамтамасыз етуге қолайлы сала. Агротуризмнің ұлттық экономиканың бір ерекше элементі болғандықтан жан- жақты зерттеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.egov.kz
2. <http://www.stat.kz> статистикалық ақпараттар
3. www.naragro.com/ru

УДК 338.485

ЕХРО 2017 ЖӘНЕ ЕХРО 2020: ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНІҢ ДАМУЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕРІ

Нурғали А.

mega.khan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Ауелбекова А.Қ.

Экспо көрмесі 2017 жылы елордамыз Астана қаласында өтетінінен бәріміз хабардармыз. Мамандар пікірінше көрме Қазақстанның әлемдік сахнадағы беделін көтеріп, туризм саласының дамуына жаңа серпін бермек. Осы орайда, көрме тарихына көз жүгіртсек. Дүниежүзілік көрме (ағылш. *World's fair*) немесе Экспо (Ехро) индустрияландырудың нышаны және техникалық, технологиялық табыстарды көрсету үшін ашық алаң болып табылатын халықаралық көрме. ЕХРО бүкіләлемдік бірегей көрмесі – маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға. 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған ЕХРО халықаралық көрмесі әр жыл сайын зор танымалдыққа ие болып, барлық қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға тамаша мүмкіндіктер беріп келеді. Бірінші дүниежүзілік көрме Лондондағы Гайд-паркте, Альберт ханзаданың бастамасымен өткізілген. Көрменің бас назар аударарлық ғимараты, Джозеф Пакстонның сәулеттік жобасымен таза шыны мен болаттан тұрғызылған Хрусталь сарайы болды. Көрме сондай-ақ инновациялық идеялар алмасу және болашаққа қатысты ұжымдық көзқарас мүмкіндіктерін сенімді көрсету үшін ерекше алаң болып